

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 298-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 қазанда № 3309 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 333-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 21.12.2015 № 333-V шешімімен (01.01.2016 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат кезекті XXXII сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар бюджет қаражаты есебінен белгіленсін.

2. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың экономикалық даму, бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (А. Үмітқалиев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
XXXII сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ф. Зайдекенов
Б. Сапаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК